



БҰЙРЫҚ
2025ж. 05.01.
Павлодар қаласы

ПРИКАЗ
№13-04/02
город Павлодар

**Лаңкестікке қарсы іс-қимылға бағытталған
іс-шараларды өткізу бойынша жауапты
тұлғаларды тағайындау туралы**

Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 8 сәуірдегі «Лаңкестікке қарсы іс-қимыл туралы» №266-IV Заңына сәйкес Кешен қызметкерлері мен білім алушыларының қауіпсіздігін және лаңкестікке қарсы қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1.Лаңкестік тұрғыдан осал объектінің лаңкестікке қарсы қорғалуы төлқұжаты – үлгілік төлқұжат негізінде әзірлеу жөніндегі жауапты тұлғалар тағайындалсын:

- колледж бойынша басшының тәрбие ісі жұмысы жөніндегі орынбасары А.А. Карашина;

- мектеп-интернат бойынша басшының тәрбие ісі жұмысы жөніндегі орынбасарының м.а. Г.С. Шарипова.

2.Қызметкерлерді үй-жайларды тексеру техникасына оқыту бойынша алдын алу және оқу іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу, сонымен қатар жарылғыш құрылғылардың орнатылуы мүмкін орындарды анықтау бойынша АӘД педагог-ұйымдастырушысы Б.Р. Какенов пен басшының шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары К.Ж. Охатаев жауапты тұлғалар болып тағайындалсын.

3. Осы бұйрықтың 2-тармағында көрсетілген тұлғалар лаңкестік акт жасау қаупін алуына Кешеннің барлық жеке құрамын эвакуациялау бойынша мерзімді тәжірибелік жаттығулар өткізсін.

4.АӘД педагог-ұйымдастырушысы Б.Р. Какенов кезекшіге арналған тиісті жадынама-нұсқаулық әзірлесін және барлық вахтерлерді қол қоюмен таныстырсын.

5.Кезекші вахтер оқушылар, оқытушылар құрамы мен келушілердің пакеттерін, сөмкелерін, жол сандықтарын және күдікті заттарға мұқият бақылауды жүзеге асырсын. Қажет болған жағдайда тоқтатып, алғашқы әскери даярлықтың педагог-ұйымдастырушысы Б.Р. Какеновты шақырсын.

6.Кезекшілікке түсер алдында және ол аяқталғаннан кейін кезекті вахтер ғимаратты, сондай-ақ оларға іргелес аумақтарды күдікті заттарды табу нысанасына қарап-тексеру жолымен аралайды. Күдікті заттар табылған жағдайда басшының шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары К.Ж. Охатаевқа дереу хабарласын.

7.Лаңкестік актісі жасалған жағдайда жасалған лаңкестік актісі туралы Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдарына немесе ішкі істер органдарына дереу хабарлауға және қызметкерлерді эвакуациялауды қамтамасыз етуге міндетті.

8.Эвакуациялауға келесі жауапты оқушылар мен қызметкерлер тағайындалсын:

- колледж бойынша басшының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А.А. Карашина және АӘД педагог-ұйымдастырушысы Б.Р. Какенов;

- студенттік жатақхана бойынша комендант М.С. Семёнова және кезекші тәрбиеші;

- мектеп-интернат бойынша (Ак.Бектұров к-сі, 1) интернат меңгерушісі Ж.Б.Канафина және басшының тәрбие ісі жұмысы жөніндегі орынбасарының м.а Г.С.Шарипова;

- мектептің жалпы білім беру корпусы бойынша (Ак.Бектұров к-сі, 2, 2-қабатты ғимарат) басшының оқу ісі жөніндегі орынбасарының А. С. Кунязова.;

- мектептің музыкалық корпусы бойынша (Ак.Бектұров к-сі, 2, 4 қабатты ғимарат) басшысының орынбасары м.а. М.С.Ботагузов және шаруашылық меңгерушісі М.А. Шарипова.

9.Қосалқы шығу орындарын ашу үшін жауапты тұлғалар болып кезекші вахтерлер тағайындалсын.

10.Зертханашы З.М.Оспанова қызметкерлерді қол қоюмен таныстырсын.

11.Осы бұйрықтың орындалуын бақылау АӘД педагог-ұйымдастырушысы Б.Р. Какеновке жүктелсін.

Басшы



С.К. Сыздықов

С приказом ознакомлены

Гатина З.А. [Signature]

Семёнова М.С. [Signature]

Какенов Б.Р. [Signature]

Гатина З.А. [Signature]

Канафина Ж.Б. [Signature]

Карашина А.А. [Signature]

Кунязова А.С. [Signature]

Охатаев К.Ж. [Signature]

Шарипова М.А. [Signature]

Шарипова Г.С. [Signature]